**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қазандағы N 1054 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 қазандағы N 898 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 маусымдағы N 674 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.06.30 N 674 Қаулысымен.

Отандық автомобиль өнеркәсібін дамыту үшін инвестицияларды қосымша тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Тауарларды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қазандағы N 1054 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2003 ж., N 42, 440-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тауарларды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдеріндегі мына жолдар:

| | | |
|---|---|---|
| "8703 ** | Жеңіл автомобильдер және негізінен адамдарды тасымалдауға арналған өзге де моторлы көлік құралдары (8702 тауар позициясындағы моторлы көлік құралдарынан басқа), жүк-жолаушы фургон автомобильдерді және жарыс автомобильдерін қоса алғанда | Дайындау, ол кезде пайдаланылатын тораптар мен детальдардың құны алғашқы жылы осы тауар түрін дайындау басталатын күннен бастап түпкілікті өнім бағасының 90 пайызы-нан аспауы тиіс; екінші жылы - түпкілікті өнім бағасының 85 пайызы; үшінші жылы - түпкілікті өнім бағасының 80 пайызы; төртінші жылы - түпкілікті өнім бағасының 70 пайызы; бесінші жылы - түпкілікті өнім бағасының 60 пайызы; алтыншы жылы - түпкілікті өнім бағасының 50 пайызы, сондай-ақ автомобиль көлігі құралдарын дайындау үшін пайдаланылатын жеке-леген жинақтаушы элементтердің ең аз тізбесінің мыналарды қамтуы шартымен дайындау кезінде: жинақтағы корап (дайындау басталатын күннен бастап төртінші және кейінгі жылдары дәнекерлеу және сырлау жөніндегі техноло- |

| | | |
|---|---|---|
| | | гиялық операцияларды орындаумен толықтай бөлшектелген қорап қолда-<br><br>н ы л а д ы ) ;<br>трансмиссиялары бар қозғалтқыш; радиатор; қозғалатын жиынтықтағы доңғалақ; алдыңғы жартылай осьтер (алдыңғы аспа); артқы аспа; аккумулятор; алдыңғы және артқы аспа-лардың амортизаторлары; қақпақша жүйелер; бекіткіш детальдардың жиынтығы. |
| 8706 - 8708** | 8701-8705 тауар позициялa-рындағы моторлы көлік құралдары үшін орнатылған двигательдері бар шасси; 8701-8705 тауар позиция-ларындағы моторлы көлік құралдары үшін қораптар (кабинаны қоса алғанда); 8701-8705 позицияларындағы тауар моторлы көлік құралдарының бөліктері мен керек-жарақтары; | Дайындау, ол кезде пайдаланылатын тораптар мен детальдардың құны алғашқы жылы осы тауар түрін дайындау басталатын күннен бастап түпкілікті өнім бағасының 90 пайызынан аспауы тиіс; екінші жылы - түпкілікті өнім бағасының 85 пайызы; үшінші жылы - түпкілікті өнім бағасының 80 пайызы; төртінші жылы - түпкілікті өнім бағасының 70 пайызы; бесінші жылы - түпкілікті өнім бағасының 60 пайызы; алтыншы жылы - түпкілікті өнім бағасының 50 пайызы " |

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

| | | |
|---|---|---|
| | | 1. Жылдық көлемі 25000 данаға дейін тауардың әрбір моделін шығару кезінде - дайындау, ол кезде кезең-кезеңмен қайта өңдеуге ұшырайтын пайдала-нылатын тораптар мен детальдар соңғы рет өңдеу-ге/қайта өңдеуге ұшыраған (кумулятивті қағидат), сондай-ақ автомобиль көлігі құралдарын дайындау үшін пайдаланылатын жекелеген жинақтаушы элементтердің ең аз тізбе-сінің мыналарды қамтуы шартымен дайындау кезінде: жинақтағы қорап; трансмис-сиясы бар қозғалтқыш; қозғалатын жиынтықтағы доңғалақтар; артқы аспа; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | аккумулятор; қақпақша жүйесі; рульдік доңғалақ; ауа сүзгісі; шыны тазартқыштар; бекіткіш детальдар жиынтығы; сондай-ақ: артқы мост; қозғалтқышта қорғау; қауіпсіздік жастығының модулі (егер бұл элемент-тер көлік құралының конструкциясында көзделген болса). |
| "8703 ** | | Жеңіл автомобильдер және негізінен адамдарды тасымалдауға арналған өзге де моторлы көлік құралдары (8702 тауар позициясындағы моторлы көлік құралдарынан басқа), жүк-жолаушы фургон автомобильдерді және жарыс автомобильдерін қоса алғанда | 2. Жылдық көлемі 25000 данадан астам тауардың әрбір моделін шығару кезінде - дайындау, ол кезде пайдаланылатын тораптар мен детальдардың құны түпкі өнім бағасының 70 пайызынан аспауы тиіс, сондай-ақ мына технология-лық операцияларды орындау шартымен:<br>қорапты (кабинаны) дәнекерлеу және сырлау;<br>қозғалтқышты орнату және бекіту, қозғалтқышқа басқару тетіктерін қосу;<br>радиаторларды орнату және салқындату жүйелерін қосу;<br>трансмиссияны орнату және қосу;<br>алдыңғы және артқы аспаларды орнату;<br>рульдік басқаруды орнату және қосу;<br>газдарды шығару жүйесін орнату;<br>сыртқы жарық аспаптарын орнату және қосу;<br>жанармай багын орнату және жанармай өткізгішті қосу;<br>шанақ электр тізбелерін тексере отырып, аккумулятор батареяларын орнату және қосу;<br>жүру доңғалақтарын орнату;<br>тежегіш және салқындату сұйықтықтарын толтыру;<br>табличкаға және автомоби-льге сәйкестендіру нөмірін жазу;<br>қозғалтқыштық |

| | | |
|---|---|---|
| | | диагностикасы; тежегіш жүйесінің тиімділігін тексеру. |
| 8706 - 8708** | 8701-8705 тауар позиция-ларындағы моторлы көлік құралдары үшін орнатылған қозғалтқыштары бар шасси; 8701-8705 тауар позиция-ларындағы моторлы көлік құралдары үшін қораптар (кабинаны қоса алғанда); 8701-8705 тауар позиция-ларындағы моторлы көлік құралдарының бөліктері мен керек-жарақтары | Дайындау, ол кезде пайдаланылатын тораптар мен детальдардың құны алғашқы жылы осы тауар түрін дайындау басталатын күннен бастап түпкілікті өнім бағасының 90 пайызынан аспауы тиіс; екінші жылы - түпкілікті өнім бағасының 85 пайызы; үшінші жылы - түпкілікті өнім бағасының 80 пайызы; төртінші жылы - түпкілікті өнім бағасының 75 пайызы; бесінші жылы - түпкілікті өнім бағасының 70 пайызы ". |

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК